

12.12.2023 жыл

**№3 Педагогикалық кеңестің кезектен тыс отырыс хаттамасынан  
КӨШІРМЕ**

**Қатысқандар: 67**  
**Қатыспағандар: 1**  
**Дәлелсіз: 0**

**Күн тәртібі:**

**1. Мемлекеттік аттестация қарсаңында мектеп қызметіне өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру туралы**

Аталған мәселе бойынша мектеп директоры Т.Г.Идркенова сөз алып, Атырау облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті 10.11.2023 жылы бекіткен «Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау кестесін бекіту туралы» бұйрығы негізінде 2024 жылы білім беру мекемелерінің мемлекеттік аттестациядан өту кестесімен таныстырды. Кесте бойынша Д.Төленов атындағы орта мектебі 2024 жылдың наурыз айында аттестациядан өтетіндігін айтты.

Аттестациядан өтетін білім мекемелері Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 5-бабының 54) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Білім беру ұйымдарының бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының талаптарына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына сүйене отырып, білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары негізінде өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру міндетін түсіндірді.

Алдағы міндет: ұжым ұйымшылдықпен аттестация алдында өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру іс-шараларын ұйымдастыруды, соған сәйкес жұмысшы комиссия тобын құруды, тиісті жұмыстарды өз деңгейінде өткізу қажеттігін ескерте отырып, өзін-өзі бағалау өлшемшарттарымен, әдістемелік нұсқаулықпен таныстырды.

**Шешім:**

1. Мемлекеттік аттестациядан өту алдында өзін-өзі бағалау жүргізілсін
2. Ұсыныстар негізінде өзін-өзі бағалау комиссиясы құрылсын
3. Өзін-өзі бағалау қорытындысы ұжымға таныстырылсын.

Педкеңес төрайымы:  
Хатшы



Т.Идркенова  
Н.Сайфуллина